

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы бойынша аналитикалық анықтама

2018 жылғы 26 наурыз

Павлодар қаласы

Павлодар облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) 2017 жылғы қараша айынан бастап 2018 жылғы ақпан айына дейінгі кезеңде басқарма қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді, оның барысында басқарманың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Конституциясына және өзге де заңдарына сәйкес, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері табылмады.

Басқармамен 2 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі:

1) «Оралман мәртебесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылады (қағаз түрінде, тегін);

2) «Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесі және "Электрондық үкімет" веб-порталы (электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде (ақылы) арқылы жүзеге асырылады.

2017 жылғы 12 ай ішінде Басқармамен барлығы 873 мемлекеттік қызмет көрсетілді, олардың ішінде мониторинг нәтижесі бойынша «Оралман мәртебесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру мерзімінің бұзушылығы туралы 1 дерек анықталды. Осы дерек Басқарманың тәртіптік комиссиясының отырысында қаралды, жүргізілген қызметтік тексеру нәтижесі және тәртіптік комиссия шешімі бойынша 2 (екі) мемлекеттік қызметші «сөгіс» түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Облыс әкімдігінің, ҚР ЕЖХӘҚМ, Басқарманың сайттарында халықты ақпараттандыру үшін мемлекеттік қызмет көрсету және Басқарма қызметіне қатысты басқа материалдар саласындағы Басқарма қызметі туралы материалдар тұрақты түрде орналастырылады.

Сонымен, Басқарма ғимаратының ақпараттық қабырғаларында басқармамен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің стандарттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат саласындағы ақпарат, сенім телефоны және басшылықтың азаматтарды қабылдау кестесі орналасқан.

Ғимаратта азаматтардың үндеулерін ресімдеу үшін 2 қабатта арнайы ілулі үстелдер қарастырылған, жарық шамдары бар, ғимаратқа кірген кезде және кіре берісте мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған пандус бар.

Басқарма басшысының 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 188-П бұйрығымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарты» бекітілді, онда Басқарманың мемлекеттік қызметшілеріне жүргізілетін іс-әрекеттердің

(әрекетінің) тәртібі, шектеулері мен тыйымдары көрсетіледі, осы бұйрықпен Басқарманың барлық мемлекеттік қызметшілері қол қойып танысты.

Сапасына шағымдар, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу түскен жоқ.

Басқармаға түскен жеке және заңды тұлғалардың үндеулері уақытылы қарастырылады, сапасына шағымдар жоқ, сондай-ақ өтініштерді қарау мерзімдерін бұзу деректері жоқ.

Прокурорлық қадағалау актілері және Басқармаға қатысты сот актілері жоқ.

Жұмыс тобының мүшелері:

**Басқарма басшысының
орынбасары**




Г.Ә. Камалова

Бас маман



Г.К. Бекболатова

Бас маман



А.Ж. Жансүгірова